

## ТАҚЫРЫБЫ: ЖЕМСАУ






# ЖОСПАР:

1. Қалқанша бездің анатомиясы
2. Анықтамасы
3. Классификациясы
4. Операцияға көрсеткіштер



- **Қалқанша без** (*glandula thyroidea*, лат. *glandula* - без, гр. *thyreos* — қалқан) — ең үлкен ішкі секреция безі. Қалқанша без сырты дәнекер ұлпалық қапшықпен қапталған. Қапшықтан қалқанша без ішіне таралатын дәнекер ұлпалы перделіктер без паренхимасын бөлікшелерге бөледі. Бөлікшелер көптеген көпіршіктерден (фолликулдардан) тұрады. Фолликул қуысын құрамында күрделі протеин — тироглобулин болатын қоймалжың зат — коллоид толтырып тұрады. Фолликул қабырғасын екі түрлі клеткалар құрайды. Тироциттер және парафолликулалы немесе К-жасушалар. Тироциттер ұлпалардың дамуына, өсуіне, протеиндердің, көмірсулардың, майлардың, йодтың алмасуына әсер ететін, құрамында йод болатын тироксин және трийодтиронин гормондарын бөліп шығарады.. Парафолликулалы клеткалар қандағы кальцийдің мөлшерін азайтатын, құрамында йод болмайтын кальцитонин гормонын бөледі.
- Қалқанша без көмекейдің алдыңғы жағына орналасқан. Ересек адамдарда оның салмағы шамамен 30-60 г, пішіні таға тәрізді, бірімен-бірі өзара байланысқан екі бөліктен тұрады.





# ҚАЛҚАНША БЕЗ ГОРМОНДАРЫ:

- — трийодтиронин Т3 — 1.2-2.8мМе/л
- — тироксин Т4 — 60.0- 160.0 нмоль/л
- — бос трийодтиронин FT3 — 2.5 — 5.8 пмоль/л
- — бос тироксин FT4 — 11.5-23.0 пмоль/л
- — тиреотропты гормон ТТГ, TSH — 0.17-4.05 мМЕ/л
- — тиреоглобулин Тg — менее 50 нг/мл



# ЖЕМСАУ

- **Жемсау (зоб) ауруы** — бұл қалқанша безінің ұлғаюынан пайда болатын тамақтағы ісік немесе түйін.

Основные этапы					
Заболевания	норма	диффузный зоб	многоузловой зоб	многоузловой зоб («горячие» узлы)	многоузловой токсический зоб



# КЛАССИФИКАЦИЯ

- **Пайда болу себебіне байланысты:** Эндемиялық және спорадикалық.
- **Бездің үлкею дәрежесі:**
  - 0- дәрежеде - бездің мөлшері бұзылмаған,
  - I - дәрежеде без жұтынғанда ғана анықталады (көзбен көрінбейді, қолмен сипалады),
  - II - дәрежеде без жұтынғанда анық көрінеді, мойын өзгермеген,
  - III- дәрежеде мойын түсі өзгерген (жуан мойын),
  - IV - дәрежеде мойын формасы ауыр өзгерген,
  - V – дәрежеде без ауыр өскен, мойын ауыр "ісінген", өңеш, кеңірдек қысылған -жұтыну, тыныс алу бұзылған.
- **Зобтың формасы:**
  - диффузды;
  - түйінді;
  - көп түйінді (полинодозды);
  - аралас.
- **Бездің функционалды жағдайы:**
  - эутиреозды;
  - гипотиреозды;
  - гипертиреозды (тиреотоксикалық зоб).
- **Тиреотоксикоздың ауырлық дәрежесі:**
  - субклиникалық ( жеңіл ағым);
  - манифестті (орташа-ауыр);
  - асқынған (ауыр).
- **Зобтың орналасуына байланысты:**
  - типтік локализация (мойынның алдыңғы аймағы);
  - мойын-төсартылық зоб;
  - қалқанша безінің эктопиясындағы зоб (тіл түбірі; алдыңғы көкірекаралық);
  - қосымша бездердің зобы (аберантты зоб);
  - төсалдылық зоб.



- Эндемиялық жемсау – қоршаған ортада йодтың тапшылығы бар белгілі бір географиялық аймақ тұрғындарының қалқанша безінің ұлғаюымен көрінеді.
- **Эндемиялы жемсауды емдеу:**
- а) **консервативті тәсіл** аурудың алғашқы кезеңінде және жас балаларда қолданылады. Бұнымен қатар консервативті ем ауруды операцияға даярлау кезеңінде орындалады.
- б) **Ауруды операциямен емдеу** үшін алдымен операцияның қажеттігі анықталады. Операцияның шексіз (сөзсіз) және бір шама қажеттігі белгілі. Шексіз қажеттіліктер:
  - 1. Қалқанша безінің қатерлі ісігі.
  - 2. безге қан кұйылуы.
  - 3. безбен өңештің, кеңірдектің қысылуы (асфиксия).
  - 4. бездің екі бөлшегіне жайылған көптеген түйіншектері.
- Бір шама қажеттіктер:
  - 1) Эутиреоидты жемсау (қалыпты және төмен тызметті). Жемсаудың бұл түрінде операция жоспарлы (толық тексерістен соң) орындалады. Өйткені жастардың мұндай жемсауы жыныс мүшелері дами келе операциясыз өз бетімен кішіреюі мүмкін.
- Қалқанша безінің жемсау ауруында орындалатын операция **струмэктомия деп** аталады.
- Струмэктомияны А.В.Вишневский тәсілімен жергілікті жансыздандыру немесе жалпы эндотрахеальды наркозбен орындайды.



# ДИФФУЗДЫ-ТОКСИКАЛЫҚ ЖЕМСАУ

- **Операцияның түрлері**
- Безді толық сылып алу.
- Қалқанша безінің резекциясы (Мартынов, Микулич) экономды резекция, кеңейтілген резекция, толықша субтотальды резекция.
- а) қан тамырларын Кохер тәсілімен байлау,
- б) Николаев тәсілімен субфасциальды струмэктомия.
- 3. Қалқанша безін толық алып тастау.






- Операцияға міндетті көрсеткіштер:


1. Түйінді және аралас формалы зоб, бездің функциясы мен көлеміне байланыссыз.
2. Орташа ауырлықтағы тиреотоксикоз.
3. ДТЗ-ның ауыр дәрежелері
4. 4-5 дәрежелі зоб.
5. Қасындағы ағзалардың компрессиясында
6. Үлкен көлемді жемсауда
7. Екіншілік гипертиреозидизмде
8. Ракқа ауысуна күмәнданған кезде.
9. Абберрантты жемсау
10. Кеудеішілік жемсау
11. Мойын-төсартылық жемсау





МОЙЫН –  
ТӨСАРТЫЛЫҚ  
ЗОБТЫ МОЙЫН  
АРҚЫЛЫ АЛЫП  
ТАСТАУ СХЕМАСЫ








ҚАЛҚАНША БЕЗІН  
СУБТОТАЛЬДЫ  
СУБФАСЦИАЛЬДЫ  
РЕЗЕКЦИЯЛАУДЫҢ  
ЭТАПТАРЫ



# Total Thyroidectomy



 TrialExhibits, Inc.

1-800-591-1123 www.trialex.com This image is for reference only  
Copyright law allows up to a \$150,000.00 penalty for unauthorized use.  
Not for use in trial/mediation/focus group/deposition/arbitration



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**